

**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Орал қаласы білім беру болімінің №5 жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

Ата-аналар жиналышының хаттамасы

Хаттама №3

Откізілген уақыты: 22.10.2021

Қатысуға тиісті: 100

Қатысқаны: 100

Күн тәртібінде:

1. Жаңа оку жылшының бірінші тоқсанында орта білім беру үйімшын қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржыны жұмсау бойынша есеп беру
2. Білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау
3. Ата-аналарға «Халықаралық окушы қабілетін бағалау бағдарламасы» бойынша түсінік жұмыстары
4. Инклузивті қолдау бойынша ресурстық орталық (кабинет) жұмысы
5. Окушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу
6. Зорлық-зомбылық және жыныстық қосындылықтың алдын алу
7. Жол қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша сөз алған: Мектеп директоры А.С.Бакытжанова

Мектеп бюджетті бойынша қосымшада көрсетілген мәліметтер таныстырылды. Қосымша №1 (сводный отчет по расходам по 31.12.2021 по бюджетной классификации)

Мектептің қаржылық жоспарыда қосымшада көрсетілген мәліметтер бойынша таныстырылды. Қосымша №2 (Индивидуальный план финансирования по платежам)

2-ші мәселе бойынша сөз алған: ДОІЖО Ф.М.Кайкишева

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2,2, жылғы «3» сентября №381 бүйрігіна сәйкес оку жетістіктерін бағалау. «Білім алушылардың үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттаудың үлгілік ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасыны Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздагы №125 бүйрігіна сәйкес бағалау өткізіледі. Бірінші тоқсан педагогтер 2-11 сыныптарда бөлімге (бұдан әрі - БЖБ) 1 жынтық жұмыс және тоқсанға (бұдан әрі - ТЖБ) 1 жынтық жұмыс

өткізеді. БЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың 5-15 қазан аралығында ТЖБ 2-11 сыныптарда 2020 жылдың 28 қазаннан бастап өткізу ұсынылды. БЖБ және ТЖБ өткізілетін пәндер мектептің жұмыс оқу жоспарына сәйкес анықталады. Әдістемелік ұсыныстарда 2-11 сыныптарда БЖБ және ТЖБ өткізілетін пәндердің саны мен атауларын көрсететін кестелер бар (8 қосымша)

1-сыныпты бағалау жүргізілмейді. Формативті бағалау үшін ең жоғары балл 2-11 сыныптарда 10 балдан аспауы тиіс. Электрондық журнал форматының қорытынды бағасын шыгару кезінде балл саны мынадай арақатынаста есептеледі: 1 БЖБ – 25%, ФБ - 25%, ТЖБ – 50 %.

Мұғалім БЖБ және ТЖБ тапсырмаларының техникалық спецификациясы негізінде 1-11 сынып оқушыларына арналған жиынтық жұмыс тапсырмаларын құрастырады. БЖБ және ТЖБ жауаптарын есептеп шыгарудың алдын алу мақсатында мүмкіндігінше шығармашылық сипаттағы тапсырмалар, практикалық тапсырмалар, жобалар, эссе және т. б. ұсыну ұсынылады.

Үйде оқитын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін мұғалім оқу жүктемесін және олар оқыған оқу материалдарын ескере отырып жеке тапсырмалар әзірлейді.

Бөлім үшін жиынтық бағалаудың оқу тапсырмаларының саны:

- 1-4 сынып оқушылары үшін – 3 оқу тапсырмасы;
- 5-11 сынып оқушылары үшін – 5 оқу тапсырмасы.

ҚР БФМ №125 бұйрығына сәйкес өлшенетін өлшемдерді баллмен пайдалануды сақтайды (БЖБ үшін тах балл 1-4 сыныптарда 7-ден кем емес және 15-тен артық емес, 5-11(12) сыныптарда 7-ден кем емес және 20-дан артық емес).

3-ши мәселе бойынша сөз алған: ДОІЖ орынбасары Ф.М.Кайкишева

Халықаралық окушы қабілетін бағалау бағдарламасы (ағылш. Programme for International Student Assessment, фр. Programme international pour le suivi des acquis des élèves, қысқаша PISA) — Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 2000 жылдардан бері үш жылда бір ұйымдастыратын әлем елдері арасында 15 жастағы оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың халықаралық бағдарламасы. PISA бағдарламасының мақсаты білім берудің әдіснамасы мен нәтижесіне пайдалы әсер ету болатын. Аталған бағдарлама қазіргі әлемде оқушылар қабілетін тексеру мен бағалаудың ең ықпалды жобасы болып отыр. Функционалды сауаттылықты бағалау технологиясы әлемдегі 60-тан астам елдің 15 жастағы оқушыларын алты деңгейде анықтайды. Ең жоғарғы көрсеткіш 5- және 6- деңгей. Ол бойынша оқушы өз бетінше ойлау, талдау және өз болжамын ұсыну қабілеті. Сосын, 4-және 3- деңгей: жаңа ақпарат алу үшін бар білімі мен қабілетін қолдану мүмкіндігі. Сосын, 2- деңгей: қарапайым окудан тыс жағдайда бар білімі мен дағдыларын қолдану мүмкіндігі. Сосын 1- деңгей: таяз білімнің төмендігі деңгейі мен тапсырмаларды табысты орындаудың аздығы.

Зерттеудің барлық үш бағыты бойынша қабілеттілік жиынтығы мен білімді қолдану мүмкіндігіне қойылатын нақты талаптар анықталған. Демек, PISA жобасы оқушыны сыни бағалау мен сындарлы ойлау моделіне жетелейді.

Бағалауга қатысатын баланың жасы 15 жас 3 айдан – 16 жас 2 ай аралығында болуы шарт етіледі. Нешінші сынып оқығаны маңызды емес. Сондай-ақ оқушылар өз үйінде емес, міндетті түрде академиялық білім беру орталығында (мектепте) оқытын болуы шарт. Әрине, әр елдің халық саны түрліше болғандықтан, бағалау қорытындысына белгілі бір қосымша факторлар әсер ететіні белгілі.

4-ші мәселе бойынша сөз алған: Инклюзивті қолдау бойынша ресурстық орталық (кабинет) менгерушісі А.Н.Мергенбаева

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №98 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті – Елбасы «Қамқорлық» қорының бастамасын жүзеге асыруға бағытталған, инклюзивті қолдау кабинеттерін құру бойынша БҚО білім басқармасының 10.07.2020ж. №355 бұйрығы және инклюзивті қолдау кабинеттері моделі негізінде инклюзивті білім беруді дамыту үшін №5 мектеп базасында инклюзивті қолдау ресурстық орталықтары (кабинеті) ашылды. Инклюзивті қолдау ресурстық орталықтарының (кабинеттерінің) штаттық кестесі бекітіліп, қалалық психологиялық-медициналық педагогикалық консультация қорытындысы негізінде Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар қабылданыды. Қазіргі таңда ерекше білімді қажет ететін 9 оқушымен жұмыс жүргізіліп отыр.

Инклюзивті қолдау кабинетінде 19 маман (КПИ менгерушісі, әдіскер, дефектолог, психолог, логопед, әлеуметтік- педагог, педагог ассистенттер және пән мұғалімдері) қызмет атқарады.

5-ші мәселе бойынша сөз алған: «Адал ұрпақ» еріктілер мектеп клубының жетекшісі, тарих пәні мұғалімі А.А.Мерхаева

Сөлеметсізбе ата-аналар, ұстаздар. Тәрбие қалай қалыптасады? Қандай факторлар әсер етеді? Деген туындауды. “Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу.” үшін не істей аламыз. Өйткені қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелерінің бірі – бұл жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың қобеюі. А. С. Макаренконың: «анағұрлым қын тиетін қайта тәрбиелеу жұмысына оралмау үшін, әуелден дұрыс тәрбие беруге тырысу керек» деген пікірін ұмытпағанымыз жөн болар.

Құқықтық білім беру арқылы жасөспірім құқықты үғынады және оның санасы қалыптасып, дамиды. Құқықтық тәрбиені жүзеге асыруда қойылатын талаптар қандай? — Әрине бұл Зандарды білу Бала мен ата -ананың құқықтары мен міндеттері белгіленген зандар

Ұсақ бұзақылық, яғни қогамдық орындарда былапты сейлеу, жеке тұлғаларды қорлап тиісу, тұрғын жайларды қорлау, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді ластау

Кәмелетке толмагандардың занды өкілдерінің ертіп жүруінсіз тұнгі уақыт (сағат 22 дең таңғы 6 - га дейін ойын-сауық мекемелерінде болуы, -

Кәмелетке толмагандар жасаған бұзақылық

Занды өкілдері ертіп жүрмеген кәмелетке толмагандардың тұрғын жайдан тыс жерлерде сағат 23 - тең таңғы 6 - га дейін болуы – занды өкілдеріне ескертуге әкеп соғады.

Он төртжастан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмагандар жасаған Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінде ата - аналарға немесе оларды алмастыратын адамдарға айлық есептік көрсеткіштің екіден беске дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Жасөспірімдер арасында қылмыстық істердің көбею себептері:

- Отбасындағы ақау тәрбие;
- Отбасындағы материалдық әл-ауқаты;
- жұмыссыздық;
- баланың бос уақытының шамадан тыс мол болуы;
- ата-ана тарағынан бақылаусыз қалуы;
- мінез-құлқының ауытқушылығы;
- Рухани құлазуы;

Ата -ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды. Жамандықтан жиренуге үрету, бойында жастайынан мәдени құндылықтар мен адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жатады. Соңдықтан да бүгінгі жиналышызызы А. Сухомлинскийдің сезімен аяқтағым келіп отыр: «Тек қана ата- аналармен біріге, жалпы күш- жігерді біріктіру арқасында, мұғалімдер балаларға үлкен адамдық бағыт беруі мүмкін»

6-ші мәселе бойынша сөз алған: Мектеп психологи Г.О.Орынбаева

Қазіргі таңда бала тәрбиесіндегі өзекті мәселелердің бірі - зорлық-зомбылық және жыныстық қолсұғушылық мәселесі болып отыр. Жасөспірімдердерге жыныстық сауаттты арттыру, жыныстық білім беру туралы ойға қоғам қозқарасы оң емес. Қазіргі интернет дамыған заманда балалар барлығы өздері біліп алады деген пікір де қалыптасқан. Жыныстық сауатсыздық кесірінен балалар әртүрлі келенсіз жағдайларға тап болып, зорлық -зомбылық құрбаны да ұшырап жатыр. Сонымен қатар ата-аналар, мектептегі балаларға қатысты зорлық -зомбылықтың түрлері:

Психологиялық (эмоциялық) кемсітушілік

Физикалық зорлық-зомбылық

*Бонсалай
Кибербуллинг
Кемсітушілік
Сүйцид*

Балаларды зорлық-зомбылық, қорлау және қауіпті әрекеттер жасауга мәжбүрлелітін қоғам мен қатарластарының тарарапынан жасалатын қысымға қарсы тұру үшін қажетті дағдыларды дамытуға үйретуге шақыратын іш-шараларды жүргізу арқылы қауіпті мінез-қылышқа салауатты баламаларды ынталандыруға сүйеніп балаларды әлеуметтік және өмірлік әдептерге үйрету; өзін-өзі қадірлеу және өзіне деген сенімін арттыруда балаларға көмек көрсету; балаларға қауіп-корқынышты тез жеңіп шығуға көмектесу; салауатты өмір салтын жүргізу үшін әдет-қылыштарын жақсарту мақсатында жұмыстануымыз қажет. Сондыктан да

осындай ауқымды мәселелердің алдын-алу бағытында әр ата-ана мамандардың берген білімі мен кеңесіне құлақ түріп, өз баласының болашагы үшін дұрыс әрекет етіп, бала тәрбиесінде осындай мәселелерге назар ауларуларының сұралалды.

Отбасындағы ата-ананың және мектептегі ұлагатты ұстаздың мінез құлқы – баланың көз алдындағы үлгісі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны болып табылады. «Жұмыла қөтерген жүк женіл» демекші, баланы бірлесе отырып тәрбиелейік дегім келеді.

7-ші мәселе бойынша сөз алған: АӘТД пән мұғалімі Ж.К. Сулеев

Өздерініз білесіздер қазіргі уақытта қаламызда машиналардың көбеюіне байланысты, окушыларымызға қауіп төнбес үшін, жол қауыпсіздігін сактауы ол сіздердің және біздің міндеттеріміз, қазіргі уақытта 6-11 сынып окушылары ата-аналарсыз өз-еркілерімен дворда, тағыда басқа жерлерде ие болмаса мектепке өздері келеді, соған байланысты әсіресе 6-11 сынып окушыларына жол ережелерін, жолдан өтер кезде қандай жерлермен өтуін түсіндіруізді сұраймыз, өйткені окушыларымыз жанып тұрган бағдаршамға жетпей ие болмаса көрсетіліп тұрган пешеходтан өтпейді. Керісінше ерініп болмайтын жерлерден өтіп кетіп жатырған окушыларымыз көп. Қазіргі уақытта өздерініз білесіздер 100% жүргізушілеріміздің:

50% тәжірибелері бар,

20% жастар тәжірибелері аз,

20% әйел адамдар,

7% ішімдікті ішіп жүргізетіндер.

3% жастары жетпей жүргізу күжаттарын алуға яғни жоғарғы сынып окушылары ие болмаса студенттер.

Сол себептен күнделікті айтылып жатырған жарықтықты шағылыстырыш ленталарды күмдеріне тігіп беруді және сумкаларына жарықтықты шағылыстырыш брилоктарды тағып коюнызыңды сұраймыз. Қазір окушыларымыз жаймен тағып жатыр бірікта сол қойылған талапты

тезірек орындалап, күнделікті тексеріп тұруымыз керек. Өйткені ол оқушыларымыздың өмірлік қауіпсіздігіне байланысты, қойылған талапты сіздермен біздер болып ұйымшылдықпен жасауыңызды сұраймын! Бұл лентаның не үшін тағылу керектігін өздеріңізде білесіздер! Қазіргі уақытта қараңғы ерте түсіп келе жатыр, балаларыңызға тағып қойған лента машинаның жарығымен шағылысып жүргізушілерге алыстан көрінеді. Балаларымыздың қауіпсіздігін ойладап, алдын ала қойылған талаптарды орындаймыз.

Сонымен қатар өрт қауіпсіздігі туралы сыйып мұғалімдері түсіндіру жұмыстарын жүргізіп жатыр, сіздерде үй жағдайында оқушыларымызға түсіндіру жұмыстарын жүргізуінізді сұраймыз.


Қабылданған қаулы:

1. Орта білім беру үйімін қамтамасыз етуге бюджеттен бөлінген қаржыны жұмсау бойынша есеп беру алдағы уақытта да өз жалғасын тапсын, мектептің сайтына жариялансын.
2. Білім алушылардың оку жетістіктерін бағалау бойынша түсіндірме жұмыстары өз жалғасын тапсын.
3. Ата-аналарға «Халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы» бойынша түсінік жұмыстары өз жалғасын тапсын
4. Инклузивті қолдау бойынша ресурстық орталық (кабинет) жұмысы өз жалғасын тапсын, мектептің сайтына жариялансын.
5. Оқушылар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өз жалғасын тапсын
6. Зорлық-зомбылық және жыныстық қолсұғушылықтың алдын алу бойынша іс-шаралар өз жалғасын тапсын
7. Жол қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша іс-шаралар өз жалғасын тапсын

Төрайымы:



Хатшы:



А.С.Бакытжанова

Е.Е.Наурыз

